

¹Абаған А.Б., ²Жұбатова Б.Н.

¹аға оқытушы, ²филология ғылымдарының докторы, профессор, әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: akerke83@gmail.com, e-mail: bjubatova@gmail.com

ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДЕГІ ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИЕТТІҢ БЕЙНЕЛЕНУІ (ҚАЗАҚ ЖӘНЕ КОРЕЙ ТІЛІНІҢ МАТЕРИАЛДАРЫ НЕГІЗІНДЕ)

Халықтың даналығы, дүниетанымы мен болмысқа көзқарасы оның тілінде, оның ішінде әсіресе фразеологизмдерде көрініс табады. Мақалада Қазақстанда танымал корей телесериалдарындағы фразеологизмдердің ұлттық-мәдени ерекшелігі қазақ фразеологизмдерімен салыстыра талдау арқылы ашылады. Фразеологизмдер – белгілі бір ұлттың өзгелерден ментальдық ерекшелігін танытатын, этномәдени табиғатынан хабар беретін «шиыршықталған мәтін», сондықтан зерттеушілер корей мәдениетінің айнасы ретіндегі фразеологиялық бірліктердің астарындағы ақпаратты ашып, оның қазақ тіліне аудару жолдарын көрсетеді, екі мәдениеттің арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды анықтайды.

Түйін сөздер: телесериал, аудармашы, кино, кино аудармасы, лингвомәдени ерекшеліктер, аударма, т.б.

¹Abagan A., ²Jubatova B.

¹Senior Lecturer, ²doctor of philology, professor, Al-Farabi Kazakh national university, Kazakhstan, Almaty,
e-mail: bjubatova@gmail.com, e-mail: akerke83@gmail.com

Reflection of national culture in phraseology (based on materials from Korean and Kazakh languages)

Wisdom, outlook and vision of people are reflected in his language, especially in phraseology. The article compares the phraseological units of the Korean language with the Kazakh language using the example of phraseological units from popular Korean serials. Phraseologisms are a “twisted text” that reflects the mentality of a given nation and distinguishes it from another. In this article, researchers revealed the essence and significance of phraseological units of the Korean language and resulted in ways of translating into Kazakh language, revealed features and differences.

Key words: TV series, translator, cinema, cinema, poet, linguoculturology, features, translation, etc.

¹Абаған А.Б., ²Жұбатова Б.Н.

¹старший преподаватель, ²доктор филологических наук, профессор,
Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
Казахстан, г. Алматы, e-mail: bjubatova@gmail.com, e-mail: akerke83@gmail.com

Отражение национальной культуры в фразеологизмах (на основе материалов корейского и казахского языков)

Мудрость, мировоззрение и видение людей отражены в его языке, особенно в фразеологии. В статье проводится сопоставительный анализ фразеологизмов корейского языка с казахским языком на примере фразеологизмов из популярных корейских сериалов. Фразеологизмы – это «скрученный текст», который отражает менталитет данной нации и отличает от другой. В данной статье исследователи раскрыли суть и значение фразеологических единиц корейского языка и привели способы перевода на казахский язык, выявили особенности и отличия.

Ключевые слова: телесериал, переводчик, кино, кино-перевод, лингвокультурология, особенности, перевод.

Кіріспе

XX ғасырдың соңғы жылдары дами бастаған тіл білімінің антропоэзектік парадигмаға көшу үрдісі «адам-тіл-мәдениет» ұштағанына сүйенетін гуманитарлық зерттеулердің жаңа бағыттарына жол ашты. Бұған дейінгі салыстырмалы-салғастырмалы түрде жүргізілген зерттеу жұмыстары құрылымдық лингвистика аясында қарастырылып келсе, бүгінгі таңда антропоэзектік бағыттағы зерттеулерде әртүрлі тілдерді салыстыра-салғастыра қарастыруда лингвомәдени бірліктер ретіндегі фразеологизмдерге назар аудару маңыз алып келеді.

XXI ғасырға аяқ басқалы бері тілді ой-санамен, мәдениетпен және адамның тұрмыс-тәжірибелік қызметімен тығыз байланыста қарастыру қажеттігі туындады. Мұндай қажеттілік тіл білімінде жаңа ғылыми бағыттың және оның негізінде қалыптасқан антропоэзектік парадигманың дамуын талап етті. Осы тұрғыда тіл білімі саласында лингвистикалық зерттеулердің жаңа бағыты – лингвомәдениеттану қалыптасты. Тіл мен мәдениеттің өзара сабақтастығы туралы зерттеулер қатары көбейді. Кез келген тілдер жүйесіндегі фразеологизмдер мәдени белгілердің экспоненттері ретінде олардың ұлттық-мәдени дүниетанымға синхронды түрде еніп қана қоймай, сол ұлттық-мәдени дүниетанымның фрагменттерін ұрпақтан ұрпаққа табыстаушы ретінде жеке тілдік тұлғаның, сондай-ақ тілдік ұжымның дүниетанымын қалыптастыруға қатысады (Телия, 1993:13). В.фон Гумбольдтың концепцияларын әрі қарай дамытқан америкалық ғалым Э. Сепирдің тілді әлеуметтік шындықты түсіндірудің құралы ретінде тануы, яғни адамдардың белгілі дәрежеде өз тілінің ықпалында болатындығы, тілдің олардың мінез-құлық нормасына да әсер ететіндігі, халықтың мәдени дамуының дәрежесін оның тілін зерттей тұрып түсіну мүмкін еместігі (Сепир, 1999: 29) – бұл пікірлер әлі күнге дейін өз зәрулігін жоғалтқан жоқ, керісінше, фразеологизмдердің лингвомәдени сипатын айқындай түсу қажеттігін ескертеді. Қазіргі тіл білімінде тілді, тілдік бірліктерді адами факторлармен, адами құндылықтармен бірлікте қарастыру үрдіс алды. Қазақ тіл білімінің ғалымдары да тіл мен мәдениет ұштастығындағы лингвомәдениеттанудың ерекше орын алатындығын айтып өткен. Бүгінде лингвомәдениеттану ұлттық тілді танудың да негізі екені соңғы кездегі біраз зерттеулерде (Г. Смағұлова, А. Алдашева, А. Сейсенова, Г. Қажығалиева, А. Сейілхан, Қ. Қайырбаева т.б.) анықталып, лингвомәдениеттану ғылымының

пән ретінде қалыптасуынан қазақ тіл білімінде жеке сала ретінде қарастырылуынан көрінеді. Г. Смағұлова өз еңбегінде лингвомәдениеттану пәнінің ерекшелігін былайша көрсетеді: Лингвомәдениеттану бұл *тіл – ұлт – мәдениет* дейтін үштік (триада лингвомәдениеттану пәнін зерттеу нысаны болмақ) (Смағұлова, 1999: 147). А. Салқынбайдың пікірі бойынша, тілдік деректерді лингвомәдени аспектіде зерттеу – ең әуелі тілдер арасындағы жалпыадами, гуманитарлық, мәдени, өркениеттік қырларды айқындау болып табылады. Табиғаттағы әлемдегі құбылыстар, қоғамдағы сана мен салт, әрі де тілде өз көрінісін табатындықтан, атау мен оның жасалу сипаты лингвомәдени аспектіде қарастырылады (Салқынбай, 1999: 196). А. Алдашева бұл пәннің зерттеу көздерін ғылыми тұрғыдан анықтап әрі лингвистика ғылымымен ортақтығын лингвомәдениеттанудың ауқымы өте кең, ол әрбір тілдік единицаның белгілі бір халықтың төл элементі, халық тілімен бірге жасасып келе жатқан ұлттық «бет-пішіні» бар деп есептелген сөз ұлттық әлеуметтік, этникалық, адамгершілік, мәдени, тұрмыстық нормаларға сай деп тұжырымдайды (Алдашева, 1998 : 15). А. Сейсенова лингвомәдениеттану мәдениеттің тілдік жүйеге қалай әсер ететінін, яғни фактор мен адам бойындағы тілдік факторлардың байланысын қарастырады (Сейсенова, 1998: 22)].

Тілді ұлттың тарихымен, мәдениетімен, рухани қазынасымен, яғни дүниетанымымен тығыз қарым-қатынаста, бірлікте алып қарастырылған жағдайда ғана ұлттық тілдің табиғатын шынайы танып білуге болатындығы анықталды. Лингвомәдениеттанудың ең негізгі мақсаты – ұлттық болмыстың, мәдениеттің тілдегі көріністерін, тіл фактілері мен халықтың танымдық, этика-эстетикалық категориялары арқылы оның рухани мәдениетін тану, олардың қызметі мен орнын анықтау болмақ.

Алтай тілдер тобына жататын корей және қазақ тілдері

Ұлт мәдениетінің қай түрінде болмасын, сол мәдениет иесінің ұлттық танымы мен табиғи болмысы сақталады. Белгілі бір ұлттың тарихынан, мәдениетінен, танымынан, болмысынан, тұрмыс-тіршілігінен хабардар ететін тілдік бірліктер ретінде сол тілдегі **фразеологизмдерді**, мақал-мәтелдерді, нақыл сөздерді қарастырамыз, оларды сол халықтың ата-бабаларынан келе жатқан төл мәдени қазыналары ретінде қабылдаймыз. Фразеология теориясының осы күнге дейін жеткен жетістіктері соншалықты ауқымды болғанымен, ғылыми

жаңа көзқарас пен жаңа парадигмалық зерттеулер қазір де фразеологизмдерді басқа қырынан зерттеудің ғылыми өзектілігін айқындай түсті. Сондықтан кез келген тілдегі фразеологизмдерді зерттеудің теориялық әдіснамалары барынша полипарадигматикалық сипатқа ие болып отыр. Сонау ерте заманнан халықтың тіліне сіңіп кеткен фразеологизмдер сол халықтың ертеден келе жатқан өмірінің сырын жан-жақты суреттейді. Осыған орай, тіл қазынасы ретінде мойындалған көкейге қонымды, бейнелі, алуан түрлі тұрақты тіркестерді, олардың танымдық табиғатын, мәдени сипатын тіл біліміндегі жаңа бағыттар аясында зерттеу өзекті мәселенің бірі болып табылады.

Мақаламызға арқау болып отырған корей халқы мен қазақ халқының бет-бейнесінен байқалып жататын олардың азиялық ортақ тегін танытатын ұқсастықтар олардың тілдерінен де байқалады: бұл тілдердің шығу тегі де ортақ, екеуі де алтай тегіне жататын тілдер. Ал осы бір-бірінен шалғай жатқан екі ұлттың мәдениеті, наным-сенімдері мен салт-дәстүрлерінде де ортақ тұстар мол. Зерттеушілердің пікірінше, корей және қазақ тілдерінің тамыры бір, екеуі де алтайлық тілдік топтан деген болжам бар. Қазақ және корей халқының этногенезі Алтай өңірімен байланысты, тіпті кейбір корей ғалымдары қазіргі корей халқының ата жұрты – Алтай мен Орталық Азия өңірі деген пікірлерді қуаттайды (Ярцева, 2002: 4). Лингвистердің пікірінше, корей мен қазақ тілдеріне ортақ 300-ге жуық сөз бар екен, мысалы: 작은 [chagin] сөзі қазақ тілінен «шағын» сөзіне келсе, қазір корей халқы ауыл деген сөзді 마을 [mail], 시골 [shigol] сөзі қолданғанымен ортағасырлардағы корей тілінде 부락 [burak] мағынасы *суы бар елді мекен* сөзі болған. 까다롭다 [kadaropta] аудармасы «қатал» сөзінің түбірінен де қазақ тілінің «қатал» сөзі байқалады. Алтай тілдері – түрік, моңғол, тұңғыс-мәнжүр тармақтарының басын қосатын тілдік топ. Шынында, бұл тілдерге ортақ дауыстылар үндестігі, жалғамалылығы және т.б. ұқсастықтар бар. Сонымен бірге, қазақ тілі түркі тілінен, ал корей тілі тұңғұс тілінен туған деген топшылау да бар. Әрине, корей тілі мен оның генезисі туралы түрлі пікірлер бар, алтайлық тілдер тобына корей тілін енгізу бұл тек болжам күйінде қалып отыр (Yun Eng Ho, 2010: 105). Дегенмен, біздің жыл санауымызға дейінгі Маньчжурия мен Корей түбегінің кең атырабындағы тілдер үш тілдік топқа – суксин, бую және хан тілдеріне – бөлінгендігі, оның ішінде алтай тілімен түбі бір бую тілінен когурё, окчжо және донге тілдері бөлініп

шыққанына ешқандай күмән жоқ. Үш мемлекеттің ішінен, әсіресе, ат үстінде жүрген когурё халқының өзіндік белгісі ерекшеленіп тұрады. Когурё тараған үлкен территорияға Корей түбегі, сонымен бірге Маньчжурияның солтүстік аймағы да кіреді. Осыларға зер сала отырып, когурё алтай мәдениетімен өте тығыз байланыста болғанын айтуға болады.

Екі халықтың жоғарыда аталып өткен ұқсастықтары, әрине, корей фразеологизмдерін қазақ тілділердің түсінуіне жеңілдіктер жасайтыны анық. Дегенмен, фразеологизмдер белгілі бір этномәдени ұжымның сан ғасырлар бойы қоршаған ортаны меңгеру, игеру және оны өзгерту процесінің негізінде пайда болып, көбінесе адамдардың күнделікті тұрмыстық қарым-қатынасы аясында құралғандықтан, корей тілі фразеологизмдерін лингвомәдени тұрғыдан талдау да сол тілдің мәдени ерекшелігі туралы бізге мәліметтер береді. Міне, дәл осы себептен де мәдениеттің «іздері сайрап жатқан» фразеологизмдер әлем тілдерінде кеңінен зерттеліп келеді.

Ұлттың мәдениетті бейнелейтін корей фразеологизмдері

Корей тілінде *잘 될 놨은 떡잎부터 알아본다* [jal duel nomil tok ipbuto araponda] фразеологиялық тіркес бар, оның сөзбе-сөз аудармасы «Болар баланы жер жарып шыққан күріш жапырағынан біледі». Дәл осы фразеологиялық мағынада қазақ тіліндегі «болар бала бесігінде бұлқынады» деген фразеологизм бар. Бұл екі тілдегі фразеологизмдер «болар баланы, яғни болашағы бар баланы кішкентай сәби кезінен тануға болады» деген мағынада қолданылады. Білгілі бір идеяны жеткізуде әр халық өзінің өмірлік тәжірибесіне сүйенеді, ұлттық-мәдени танымынан, өзінің санасындағы әлемнің концептуалдық бейнесінен хабар береді. Халықтың арсеналындағы әлемнің тілдік бейнесі – қоршаған орта туралы ақпарат беретін әртүрлі тілдік құралдар мен әлеуметтік мағынасы бар тілдік белгілер жиынтығы (Хазимова, 2002:115). Ал осы әлемдік тілдік бейнесін құрайтын фразеологизмдер сол халықтың рухани және материалдық өмірінен сыр шертеді. Келтірген мысалда корей халқының отырықшы халық болып, егін егумен айналысқан тұрмыс тіршілігін байқауға болады. Ал олардың тіршілігінде күріш өсіру өте үлкен маңызға ие екені мәлім. Ал қазақ халқының көшпелі өмір салтында баланы бесікке бөлеу де – маңызды, тіпті бесікке бөлеуге қатысты салт-дәстүр, әдет-ғұрыптар сценарийлері бар, олардың бәрі тілде де көрініс тапқан.

Әрбір халықтың мәдениеті – бұл көне заманнан бері келе жатқан ұлыстар мен тайпалардың материалдық және рухани мәдениетінің жалғасы, олардың дамыған түрі. Тіл – сол мәдениеттің ерекшелігін жоғалып кетуден сақтайтын кеніш, сол мәдениет туралы мағлұматтар жиынтығы. Корей тілінде **궁작이 맞다** [Kungchagi matta] тұрақты сөз тіркесінің сөзбе-сөз аудармасы: «Кунгчак дауысы сәйкес келу», ал мағынасы «бір-біріне үйлесу, жарасу». Мұндағы **궁작** [Kungchag] сөзі – корей ұлттық аспаптарының бірінің атауы, ол **북** [puk] пен **장구** [jangu] деген екі аспапты біріктіру арқылы дүниеге келген аспап, екеуінің бір-бірімен үйлескен дауысын **궁작** [Kungchak] береді екен (Ba Ian San, 2002: 156). Демек, бұл аспаптың атауы еліктеуіш сөздерден жасалған. Осы фразеологизмге орай, «Қазақстан» телеарнасында аударылып, дыбысталған «Менің ұлдарым» телехикаясынан келесі мысалды келтіруге болады: **옥희 아--그랬구나. 그나저나 니 남편하고 우리 아버님하고 요새 왜 그렇게 사이가 좋니? 처음에는 그렇게 싸우고 으르렁 거리더니 요새 아주 궁작이 맞아가지고...**[Okhi: a giretkuna. Ginagona ni manpyonhago abonimhago yose ye girokke saiga joni? Choimenin gorokke ssaugo oriron koridoni yosenaju kunjagi majakajogo]; сөзбе-сөз аудармасы: *Ок Хый: Солай екен ғой. Соңғы кездері сенің күйеуің мен менің атам жап-жақсы тіл табысып жүр. Әуелгі кезде күнде ұрысушы еді, ал қазір Кунгчак дауысы сәйкес келеді. Қазақ тілінде дәл осы мағынаны беру үшін домбыраның қос ішегіндей деген фразеологизмді пайдаланар едік.*

Исламға дейінгі қазақ халқының рухани мәдениетінде тәңірлік сенім мен шаманизм айрықша орын алады. Тәңірді зерттеушілердің тұжырымында еуроазиялық көшпелі шаруашылық – мәдени типтің қажеттіліктеріне икемді сенім жүйесі ретінде бейнеленеді, яғни ол көшпелілердің қоршаған шындықты, болмысты түйсінуінен туындаған. Корей халқының наным-сенімінен де шаманизм іздері байқалып тұрады. Қазақстандағы ең биік шың «Хан Тәңірі» деп аталады. «Тәңірі» сөзі ежелгі шаманизмнен шыққан Құдай деген мағынаны береді (Нұржанова, 2010: 57). Ал корей тілінде дәл осы мағынадағы «Таңғұн» сөзі бар, ол «корей халқындағы ру басы» деген мағынаны да береді. Тасқа қашалған бұғылар бейнесі мен қола айна, корей халқының Тангун атты қолбасшысы туралы аңыз – олардың бәрі күнге табынғандығының дәлелі болып табылады. Қазақ халқының мифтік аңыздары, аспан әле-

мі жөніндегі түсініктер, байырғы қазақ күнтізбесі, бай әдеби мұралар, көркемөнерінің сан алуан түрлері, шежірелік шығармалар, халық емшілігі және мәдениет мұралары және тағы да басқалары ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан көне мәдениеттің көзі болса, дәл осы сипат корей халқында да кездеседі. Қазақ халқының көшпелі тұрмысында көп құндылықтар жоғалғанымен, қазақ халқы тілін сақтап қалды. Бұл әсіресе фразеологизмдерде ерекше байқалады. Көне заманда аспан құдіреті мен тәңірге сенген корей халқының таным-түсінігі, наным-сенімі оның фразеологизмдерінде көрініс тапқан: **하늘의 뜻** [haniri dit], сөзбе-сөз аудармасы «аспанның ойы», фразеологиялық мағынасы «тәңірдің жазғаны, басқа салғаны»; **하늘을 열다** [haniril yolda], сөзбе-сөз аудармасы «аспанды ашу», фразеологиялық мағынасы «билеуші болу»; **하늘이 되다** [haniri dyeda] сөзбе-сөз аудармасы «(біреудің) аспаны болу», фразеологиялық мағынасы «(біреудің) құдайы болу» (Kim Chun Shil, 2006,98-б). Қазақстан телеарнасында аударылып, дыбысталған «Ұлы әмірші Куан Гэт Хо» тарихи телесериалдарынан мынадай мысалдар келтіруге болады: **타다르**

내 하늘은 내가 열 것이야. 내가 천하를 가져 모든 백성의 하늘이 되든... 아니면 죽어서 하늘에 오르든..... 네놈의 값싼 도움을 받아 그 가치를 떨어뜨릴 생각은 추호도 없다!!![tatari: ne hanirin nega yol koshida. Nega chonharil kaje modin peksongi haniri dyegodin... animyuon chugosodo hanire origodin... nenomi kapssan doumil pada gi kachiril dorodiril sengagi chuhodo opta], сөзбе-сөз аудармасы: *Та Та Ры: Өз аспанымды өзім ашамын. Өз тәңірімді алып келіп, халықтың аспаны болсам да, әлде халықтың қолынан өліп, аспанға көтерілсем де сендер сияқты алаяқтардың көмегі маған керек емес.*

Түркі халықтарының бас иетін құдіреті – «Аспан», «Көк тәңірі». Корей тілінде, қазақ тіліндегідей, аспан сөзімен келетін фразеологизмдер баршылық. Өйткені корей халқының көне дүниетанымында да Тәңір – аспанның әміршісі, оның тұрағы – көкте, яғни аспанда болып есептелген. Яғни, Тәңір – ең жоғарғы құдай, ол аспан мен жердегі тылсым тіршіліктің иесі. Осы сияқты қазақ тілінде де «Аспаның ашық болсын» деген тілек «басыңа жаманшылық келмесін» деген мағынада айтылса, «аңызға ыстық, қапырық» мағынасындағы аспан айналып жерге түскендей фразеологизмі ақырзаманның орнауы деген мағынада қолданылып,

екі халықтың да дүниетанымындағы ұқасастықтарды көрсетеді.

Тіл мен мәдениет ұштастығы арқылы халықтың сана-сезімін ғана емес, өмірге көзқарасын, қоғамы мен тұрмысын түсініп, білуге болады. Адамға әлем, дүние туралы көп ақпарат көбінесе тіл арқылы жеткізіледі. Тіл – адамның санасындағы дүние туралы түрлі білімдер жиынтығын қалыптастырып, оның болмысын айқындайтын құрал. Тіл мен мәдениеттің өзара ұштасуы адамдағы әлемнің тілдік бейнесін қалыптастырады. Әрбір халықтың өз ана тілі бары анық. Тілдегі өзгешелік халықтың ұлттық-мәдени ерекшелігі туралы сөз қозғауға мүмкіндік береді. Корей тіліндегі *개천에서 용이 나다* [kechoneso yong nada] фразеологизмінің сөзбе-сөз аудармасы «шалшық судан айдаһар шығу». Шалшық суда айдаһар секілді мифологиядағы хайуанның болуы мүмкін емес, сондықтан қазақ мәдениеті мен тілінің өкілдері үшін бұл фразеологизм «ойламаған жерден бірдеңеге тап болу не болмаса ойламаған жерден, кенеттен қауіп-қатерге килігу» деген мағынадағы бірлік болып көрінуі әбден мүмкін. Алайда бұл фразеологизмнің корей тіліндегі мағынасы «кедей отбасынан шықса да, ақылды, жұмысында жолы болғыш болу» екен. Мысалы: *민정 여자들이 제일 싫어하는 남자가 개천용이야. 오빠 자체로는 훌륭하지만 가족들이 민폐잖아* [Minjong: yogadiri jeil shirohanin namjaga kechonyuonia. Oppa jacherinon hullunhajiman kajokdirin minprejana], сөзбе-сөз аудармасы: *Мин Жоң: Қыздар шалшық судан шыққан айдаһарларды ұнатпайды. Сен өзің жақсы болсаң да, әке-шешеңнен ұяламын.* Бұл сөз тіркесінде корей халқының мифологиялық түсінігінде *용* /yong/, яғни айдаһар – алып күштің иесі, қайсар, батыл кейіпкер. Айдаһардың жай қарапайым халық тұратын кішкентай өзеннен шығуы кедей, оқымаған отбасынан ақылды, жолы болғыш баланың дүниеге келуін білдіріп тұр. Айдаһар – ақылдың, бақыттың рәмізі. Демек, бұл тұрақты сөз тіркесі арқылы корей ертегі-аңыздарындағы айдаһардың бейнесі жайлы білуге болады. Қазақ тіліндегі «басына бақыт құсы қонды» деген сөз тіркесінің де қазақ халқының ертегі-аңыздарындағы «бақыт құс» бейнесінің мағынасы жатыр. Құс – көне түркі тайпаларының ұғымында көктің (аспан әлемінің) символы. Көкті түркілер тәңірі деп білген. Қазақ ертегілері мен аңыздарында қарға, бүркіт, алтын құс, самұрық жайында көп айтылады. Яғни, халқымыздың санасында «бақыт құсы» – адамның көмекшісі, қамқоршысы бейнесінде (Хазимова, 2002:73 б).

Халықтың басынан өткерген қиындықтары, олардың арасында тараған кеселдері, аурулары, т.с.с. келеңсіз дүниелер фразеологизмдерде сақталған. Мәселен, корейлердегі *재수 옴 불다* [jesue om putta] фразеологизмінің сөзбе-сөз аудармасы «Сәттілікте қышыма жабысқан күн», бұл фразеологизм «жолы болмау» деген мағынада қолданылады. Бұл фразеологизмде *옴 불다* /om putta/ *қышыма жабысу* тұрақты сөз тіркесінің қолданылуы ерте заманда корей халқының мекендеген жерлерінде көп болған қышыма, оба сияқты аурулардан хабар береді. Ауру-жамандықтың, пәле, қатерлердің белгісі, сондықтан *옴 불다* /om putta/ *қышыма жабысу* ауыспалы мағынаға ие болып, жамандықтың белгісі, яғни сәтсіздікпен байланысты болғанын байқаймыз. Мысалы: *창수 재수 옴불은날이야. 형한테 당하고 기집애한테 당하고. 막막하다. 쩡정의 재벌의 아들은 고싶지않아.* [Chansu: Jesu om putin naria. Huonghante danghago kijipe hante danghago. Chukjongi jeboli adilin koshipjana], сөзбе-сөз аудармасы: *Чаң Су: Сәттілігіме қышыма жабысқан күн. Ағам ашуыма тигені аздай, әлгі қыз да ызамды келтірді. Мұндай байлықтың не қажеті бар десеңші.*

Тілдің ұлттық-мәдени ерекшелігі дегенде, бір тілдің екінші тілмен салыстырғандағы көзге айқын көрінетін өзгешелігін, түсінуге қиын тұстарын айтамыз. Тілдің болмысының түбінде не жатыр десек, оған біз, әрине, сөздік қор деп жауап бере аламыз. Сөздік қор тіл арқылы белгіленген ең басты құндылықтарды сақтап, оның мәдени ерекшелігін де көрсетіп отыратын басты құрал. Академик Ә. Қайдар: «Халықтың дүниетанымы мен болмысы оның тек тілінде сақталып, тіл арқылы көрініс тауып отырады. Әр түрлі заттың, құбылыстың аты-жөні, сыр-сипаты, қозғалыс қатарлары, әдет-ғұрып, салт-сана мен дәстүрлер жайлы мағлұматтардың бәрі де кейінгі буындарға тек тіл фактілері арқылы ғана, яғни тілдегі сөздер мен сөз тіркестер фразеологизмдер мен мақал-мәтелдер, аңыз-ертегілер арқылы ғана келіп жетуі мүмкін – деген түйін-ойы фразеологиялық бірліктердің ұзақ жылдар бойы халық санасында сақталып, оның мәдениет тасымалдаушысы екенін дәлелдей түсетіні анық. Корей тілінде *더위를 사 가다* [doyuiril sa kada] сөзбе-сөз аудармасы: «ыстықты сатып алу», фразеологиялық мағынасы «жыл бойы жылы жүру» немесе *더위를 팔다* [doyuiril palda] сөзбе-сөз аудармасы: «ыстықты сату», фразеологиялық мағынасы «Жыл бойы жылы жүр» деген тілек. Киноаударма барысындағы мысалдан келтірер болсақ: *명: 예예! 백성들은*

대보름날 아침에 이렇게 더위를 환갑니다. 그럼 여름을 무탈히 보낼 수 있다구요! [Miong: Yee! Peksondirin deporimnal achime irokke doyuiril pandamnida. Girom yorimil mutalhi ponelsu ittagoyu], сөзбе-сөз аудармасы: Жоң Мең: Иә, қарапайым халық бұл күні таң ата сала өзінің бойындағы **ыстықтарын сатады** екен (Essense hankugo, 2003: 265). Сол кезде жазға дейін ауырмай жетеді деген ырым барын естідім.

(Бойындағы) жылуын не ыстығын (біреуге) сату – бұл фразеологиялық түйдек корей халқының ай күнтізбесі бойынша атап өтетін Жаңа жылдағы ай толған кезде адамдардың бір-біріне айтатын игі тілектерінің бірі. Өз бойындағы жылуды басқаға беріп, бөлісудің астарында «жыл бойы жылы жүр, тоңып қалма» деген ниет жатыр. Мұндай тілекті тек қана салқын жақтың тұрғындары айта алады. Егер ыстық жақты мекендейтін арабтар жақсы, көңілді қуантатын қуанышты хабар туралы «суық, салқын хабар» («бұл хабар менің жүрегімді суытты» деп жүректі/жанды жылытатын жақсы хабар туралы айтады) деп айтатын болса, қазақтардағы көз қуантатын адам немесе көз қуанышы араб тілінде «жанарының салқыны» деген фразеологизммен берілетін болса, онда қоршаған географиялық ортаның халықтың ойлау жүйесіне қалай әсер ететінін байқай беріңіз. Түрлі климаттық белдеуді мекендейтін халықтардың дүниені қабылдауы да әртүрлі.

Шығыс халықтарында, соның ішінде корей халқының наным-сенімдерінде *толған ай* не *толық ай* ерекше сакралды, тылсым күшке ие табиғат құбылысы екені рас. Дәл осы ай толықан Жаңа жыл мерекесі кезінде корей халқы да өткен жылдағы жағымсыз нәрселердің бәрінен арылып, жаңа жылдан жақсы тілектер тілеп, қызыл түсі бар тағамдар дайындаған, қызыл түспен жамандықты аластап қуу ырымы да сақталған. Кез келген құбылысты жақсылыққа балау, жаратқаннан дұға тіле қазақтың табиғатында да бар. Қазақтар «ай көрдік, аман көрдік, бұрынғыдай заман көрдік» деп бір айдан екіншісіне аман-есен жеткеніне шүкіршілік етсе (ал шүкіршілік тек Жаратушыға айтылады), «Ескі айда есіркедің, жаңа айда жарылқа» деп тағы да Жаратқаннан жәрдем сұраған. Мұның бәрі халықтың наным-сенімдерінің, ғибадатқа деген шынайы құлшынысының айғағы.

Қазақтың бағзыдан келе жатқан амандасу салтындағы «Мал-жан аман ба?» деп «малды» «жаннан» бұрын қойып сөйлейтін дағды беркер пайда болған жоқ. Күнкөріс көзі негізінен мал шаруашылығы болған кезде қалыптасқан

сөз тіркесі «малы күйлінің жаны түгел болады» дегенді білдіреді. Корей халқының да амандық сұрауы олардың тұрмыс-тіршілігімен тығыз байланысты. Корей халқының амандасудан кейін «тамақ іштің бе?» деп сұрауының астарында үлкен мән жатыр. Ежелден отырықшылықпен айналысқан корей халқының негізгі күнкөріс көзі – егін шаруашылығы. Сол себепті корей халқының фразеологизмдерінде тамақпен байланысты сөз тіркестері жиі кездеседі. Қиыр Шығыс халықтарының ең басты азығы – күріш. Жиырмасыншы ғасырға аяқ басқалы бері Корея Республикасын біз қарқынды дамушы елдер қатарынан көріп келе жатырмыз. Өзінің экономикалық және саяси дамуының жылдамдығына қарамастан, бұл жаһандану корей халқының мәдени және материалдық құндылықтарына кері әсер етпеді. Сонау бағзы заманнан бері негізгі азық ретіндегі күріш әлі күнге дейін корей ас мәзірінде қолданылады. Тілдік қорында күріш *밥* [pap] сөзімен байланысты сөз тіркестері де көп кездеседі. Мұндай фразеологизмдер корей телехикаяларының мәтіндерінде де бар. Мысалы: *여석개뭐? 배신을 밥 먹는 듯 하는 네놈을 어찌 믿고? 대왕폐하..저놈은 절대 아니됩니다요...* [Yosokge: myuo? Peshinil pap moknin dit hanin nenomil oji midko... Deyangpeha.. jonomin jolte an dyemnida] Бұл мәтіннің сөзбе сөз аудармасы: «Е Сок Гэ: Не дейсіз? **Күріш жегендей** сатып кететін сендерге қалай сенеміз? Хан ием, бұларға сене қоймаңыз».

Әр халықтың ұлттық-этникалық компоненттің аудармада берілуі, әрине, түпнұсқаның ұлттық нақышын сол күйінде жеткізудің бірден бір жолы. Бірақ мұндай аударма арқылы сана-сезімі мен дүниетанымы әртүрлі екі ұлттың арасында түсінбестік туындауы әбден мүмкін. Соған байланысты жоғарыда көрсетілген мысалда, көрерменге толық түсінікті болу мақсатында тұрақты сөз тіркесіне мағыналық аударма жасалған.

Әр кезеңде материалдық мәдениеттің тұрақты элементтерінің бірі – тағамдық салт-дәстүрлер. Корей халқы ашаршылықты жиі бастан кешіргендіктен, әлі күнге дейін асты қадір тұтып, тамақ ішу мәдениетіне де көп көңіл бөледі. Қазақ халқы ас ішер алдында «асыңыз дәмді болсын» десе, корей халқында «Көп жеңіз!» тіркесі қолданылады. Корей халқының сөздік қорынан тағаммен байланысты жиі кездесетін фразеологизмдер арқылы бұл елдің күнделікті тұрмысындағы ұлттық ерекшеліктерді байқауға болады.

Фразеологизмдерді лингвомәдениеттану тұрғыдан зерттеудегі басты нысан – «табиғи тіл-

дік бірліктері болып табылатын фразеологизмдер мен «мәдениет» тілінің мәдени семантикасы арасындағы арақатынас жолдарын зерттеу және сипаттау» – деп атап кетуге болады. Осы тұрғыда фразеологизмді өзінің зерттеу шеңберіне айналдырып, аталмыш тақырыпта қорғалған диссертациялар мен жеке мақалалар, монографиялар мен жеке кітаптар санының көптігі лингвомәдениеттану тұрғысынан фразеологизмдердің зерттелу тақырыбының өзектілігін дәлелдейтін айғақ болып келеді. Ал қазақ тілі пен өзге тілдерді салыстыра зерттеу фразеология саласын жаңа қырынан көрсетіп, тіл дамуының жаңа кезеңін ашып көрсетіп отыр.

Әрбір ұлттың және халықтың өзіне тән болмыс-бітімі, салт-дәстүрі, материалдық және рухани мұралары, ұлттық ерекшелігі – сол халықтың тарихи даму жолының көрінісі. Фразеологизмдердегі ұлттық нышанды анықтаудың тіл білімінде екі жолы бар:

1) бір тілдің ұлттық-мәдени болмысын екінші бір тілдің ұлттық-мәдени болмысымен салыстыру арқылы анықтайтын – салыстырмалы тәсіл;

2) бір тілдің ұлттық-мәдени нышаны сол тіл иелерінің көзқарасымен қарастырылатын, яғни өзіндік талдау, өзіндік бақылау жүзеге асырылатын – интроспективті тәсіл. Аталған тәсілдер әр ұлт тіліндегі тұрақты тіркестердегі ұлттық болмысты саралауға негіз болады, фразеологизмдердегі мәдени коннотацияны анықтайды. **Мәдени коннотация фразеологияның ең маңызды компоненті** болып табылады. Бұл – жеке бір халықтың, ұлттың нышаны. **Мәдени коннотация фразеологизмдердегі ассоциативтік-бейнелік негіздердің интерпретациялануының**

нәтижесінде туады, ол ұлттық-мәдени стереотиптермен сәйкестендірілуі арқылы жүзеге асады. Ал **стереотип** – дүние туралы таным-түсініктің қайталануынан тұрақталған әрекеттер мен құндылықтар шаблонуы. Стереотиптер өз семантикасында ұлт мәдениеті дамуының ұзақ уақыттық үдерісін көрсетеді, ұлттық сипат, тарихи және мәдени колоритті береді. Тіл білімінде стереотипті ситуацияның ойбейнесі ретінде фреймдер қарастырылады.

Қорытынды

Фразеологизмдер – ұлт мәдениетінің негізгі көрсеткіші. Әр халықтың тұрмыс тіршілігіндегі амандасудан бастап бүкіл болмысынан олардың ұлттық, танымдық, мәдени белгілері көрініс табады. Біз зерттеп отырған қазақ және корей халқының тұрмыс тіршілігіне қатысты қолданылатын тілдік бірліктер, оның ішінде фразеологизмдер осының негізгі дәлелі бола алады.

Қорыта келгенде, фразеологизмдердің лингвомәдени қырларын зерттеудегі басты мақсат «табиғи тілдік бірліктері болып табылатын фразеологизмдер мен «мәдениет» тілінің мәдени семантикасы арасындағы арақатынас жолдарын зерттеу және сипаттау» болмақ. Осы тұрғады келгенде кез келген тілдегі фразеологизмдер тілдік материалдар ретінде сол халықтың жан-дүниесіне үнілуге, ойлау ерекшелігін тануға көмектеседі. Ал қазақ тілі пен корей тіліндегі фразеологизмдерді салыстыра зерттеу жана да қызықты фактілер ұсынып қана қоймай, ана тіліміздегі тілдік бірліктердің астарындағы образдарға, олардың ішкі формаларына үнілуге мүмкіндік береді.

Әдебиеттер

- 1 Телия В.Н. Культурно-национальные коннотации фразеологизмов // Славянское языкознание. XI международный съезд славистов. – М., 1993. – 308 б.
- 2 Сепир Э. Избранные труды по языкознанию и культурологии. – М.: Наука, 1999. – 98 б.
- 3 Смағұлова Г. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық мәдени аспектілері. – Алматы: Ғылым, 1998. – 196 б.
- 4 Салқынбай А. Тарихи сөзжасам. – Алматы: Қазақ университеті, 1999. – 309 б.
- 5 Алдашева А. Аударматану: лингвистикалық және лингвомәдени мәселелері. – Алматы: Арыс, 1998. – 215 б.
- 6 Сейсенова А. Лингвистикалық мәдениеттану: этикет формаларына салстырмалы талдау: филол. ғылым. дисс. авторефераты. – Алматы, 1998. – 22 б.
- 7 Лингвистический энциклопедический словарь / гл. ред. В. Н. Ярцева. – 2-е изд., дополненное. – М.: Большая Российская энциклопедия, 2002. – 709 с.
- 8 Yun Eng Ho, Eurasia goldin Hob, Ryuonsari, 2010 nyuon. – 256 p.
- 9 Хазимова А.Ж. Қазақ фразеологизмдерінің ұлттық-мәдени деректері: филол.ғ.к.... дисс. – Алматы, 2002. – 120 б.
- 10 Ba Yan San, Han mong shinche guallion soktam piguio Engu, Bege dehakuyon soksa hakyui ninmun, 2014 nuon, – 120 pp.
- 11 Нұржанова А.Б. Дүниенің қарабайыр бейнесі: фразеологиялық фрагменттің соматикалық коды: филол. ғыл. канд. ... қолжазбасы. – Астана, 2010. – 303 б.
- 12 Kim Chun Shil. Kyanonoro peunin hangugo. – Doso Chulpan, 2006 year, 387 pp.
- 13 Essense kugosajon, minjurim, 2003 year, 2056 pp.

References

- 1 Telia V.N. Culturno-nazionalnie konnotazii frazeologizmov.-Slavianskoie iazikoznanie. XI mejdinarodnii sized slavistov . M., 1993.-308b.
- 2 Sepir E. Izbrannie trudi po iazkoznaniiyui I kultorologii. Moskva:Nauka, :1999. – 98 b.
- 3 Smagulova G. Maginalas frazeologizmderdin ulttik madeni aspektileri.-Almati, gilim, 1998. –196 b.
- 4 Salkinbai A. Tarihi sozjasam . – Almati , Qazaq universiteti, 1999. – 309 b.
- 5 Aldasheva A. Audarmatanu : lingvistikalik jane lingvomadeni maseleler. – Almati, Aris, 1998. –215 b.
- 6 Seisenova A. Lingvistikalik madeniettanu: etiket formalarina salistirmali. Folol.gilim.diss.Avtoreferati. – Almati, 1998. –22 b.
- 7 Lingvisticheskii enziklopedicheski slovar / Gl.red/ V.N. Iarzeva – 2-ie izd., дополненное. – М.: Bolshaia Rossiiskaia enziklopedia , 2002. – 709 b.
- 8 Yun Eng Ho ,Eurasia goldin Hob, Pyuonsari, 2010 nyuon.-256p
- 9 Hazimova A.J. Kazak frazeologizmderdinin ulttik-madeni derekteri.filol.g.k.diss.-Almati, 2002. – 120 b.
- 10 Ba Yan San , Han mong shinche guallion soktam piguio Engu, Bege dehakyuon soksa hakyui ninmun, 2014 nuon,-120 pp
- 11 Nurzanova A.B. Dunienin karabaiir beinesi: frazeologialik framenttin somatikalik kodi:filol.gil.cand.koljazbaso. – Astana, 2010 – 303 b.
- 12 Kim Chun Shil. Kyanonoro peunin hangugo. – Doso Chulpan,2006 year, 387 pp
- 13 Essense kugosajon, minjurim, 2003 year, 2056pp